



Қазақстан Республикасының есірткі, психотроптық заттарға қажеттілігінің нормалары туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2000 жылғы 26 қаңтар N 132

"Есірткі, психотроптық заттар, прекурсорлар және олардың заңсыз айналымы мен теріс пайдаланылуына қарсы іс-қимыл шаралары туралы" Z980279_1998 жылғы 10 маусымдағы Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 3-тармағының 9) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі Қазақстан

Республикасының Есірткіге бақылау жасау жөніндегі мемлекеттік комиссиясы ұсынған, қоса беріліп отырған республиканың 2000 жылға есірткі, психотроптық заттарға қажеттілігінің нормаларын Қазақстан Республикасының 2000 жылға арналған халықаралық квоталарын бекіту үшін БҰҰ-ның Есірткіге бақылау жасау жөніндегі Халықаралық комитетінің Штаб-пәтеріне (Вена, Австрия) жолдасын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрінің
бірінші орынбасары

Оқығандар:
Қобдалиева Н.М.
Орынбекова Д.К.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК